

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

**Астана
22 мамыр, 2024 ж.**

УДК 159.922.7

ББК 88.8

Б 83

Бас редактор/главный редактор:

Асылбекова М.П. – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор (заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор)

Б 83 «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғыл.-прак. конф. материалдар жинағы (22 мамыр, 2024 жыл) = Сборник материалов межд. науч.-прак. конф. «Актуальные вопросы буллинга: теория и практика» (22 мая, 2024 года). / Бас ред./гл. ред.: Асылбекова М.П./ – Астана: «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2024. – 468 б. (с.)

ISBN 978-601-326-780-7

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены статьи казахстанских и зарубежных ученых, преподавателей вузов, школьных учителей, студентов, магистрантов, докторантов.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасы аясындағы «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

УДК 159.922.7

ББК 88.8

ISBN 978-601-326-780-7

© «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, 2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

- Сомжүрек Б.Ж.** – ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
- Асылбекова М.П.** – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;
- Атемова К.Т.** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
- Сейітқазы П.Б.** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
- Шалғынбаева Қ.Қ.** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
- Албытова Н.П.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- Сламбекова Т.С.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- Шолпанкулова Г.К.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- Жубакова С.С.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- Жукенова Г.Б.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- Махадиева А.К.** – философия докторы (PhD), доцент м.а.
- Балтабаева Ж.Б.** – магистр, аға оқытушы

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

- Сомжүрек Б.Ж.** – председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;
- Асылбекова М.П.** – заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;
- Атемова К.Т.** – доктор педагогических наук, профессор;
- Сейітқазы П.Б.** – доктор педагогических наук, профессор;
- Шалғынбаева Қ.Қ.** – доктор педагогических наук, профессор;
- Албытова Н.П.** – кандидат педагогических наук, профессор;
- Сламбекова Т.С.** – кандидат педагогических наук, профессор;
- Шолпанкулова Г.К.** – кандидат педагогических наук, профессор;
- Жубакова С.С.** – кандидат педагогических наук, доцент;
- Жукенова Г.Б.** – кандидат педагогических наук, доцент;
- Махадиева А.К.** – доктор философии (PhD), и.о. доцента.
- Балтабаева Ж.Б.** – магистр, ст. преподаватель.

FTAMP 14.35.01

**БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ АСПЕКТИЛЕРІН
ЗЕРТТЕУДЕГІ МЕТААНАЛИЗ**

Асылбекова Марзия Пазиловна

masylbekova725@gmail.com

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі кезеңдегі балаларға қатысты буллинг мәселесі қарастырылған. Автор тарапынан буллингтің педагогикалық, психологиялық, әлеуметтанулық, құқықтық аспектілеріне талдау жасалған. Буллингке қатысушылардың рөлдері айқындалып және рөлдері зерттеледі. Бүгінгі таңда қоғамда буллинг мәселесінің таралу жағдайын метаанализ әдістемесі негізінде талдаулар жасалынып, қарастырылады. Мақалада республика бойынша жүргізілген эксперименттік-тәжірибеден алынған зерттеулердің қорытындысы берілген.

Annotation. This article examines the problem of bullying against children at the present stage. The author analyzes the pedagogical, psychological, sociological, and legal aspects of bullying. The roles of bullying participants are defined and studied. To date, an analysis is being carried out and the situation of the spread of the bullying problem in society is being considered based on the meta-analysis methodology. The article presents the results of experimental studies conducted in the Republic.

Түйін сөздер: буллинг, буллер, құрбан, жәбірлеуші, бақылаушы, зорлық-зомбылық.

Keywords: bullying, buller, victim, abuser, observer, violence.

Қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі ретінде – балаларға қатысты буллинг мәселесіне кеңірек назар аударылуда. Әлеуметтік психологиялық құбылыс ретінде буллинг балаларға тікелей қауіп төндіреді.

Алғаш ғылымдағы буллинг мәселесі норвегиялық ғалым Д.Олвеустің зерттеулерінен кейін көңіл бөлінді [1]. Ал 1980 жылдардың аяғына қарай Батыс ғалымдарының буллинг ұғымының анықтамасын, себептерін, факторларын, алдын алу, салдары мен жекелеген ерекшеліктерін зерттеу мәселесі қызығушылықтарын арттырды.

«Буллинг» (bully) ұғымы ағылшын тілінен аударғанда бұзақылық, қорқытушы немесе үрей туындатушы, зорлық көрсетуші - ұжым мүшелерінің біріне ұжымның қалған мүшелерінің жәбір көрсетуі, қорлауы, агрессивті тұрғыда қудалауы ретінде түсіндіріледі [2]. Буллинг – қудалау, кемсіту, кеңірек

мағынада, бұл бір адамның немесе топтың басқа, физикалық және психикалық жағынан әлсіз адамға немесе адамдар тобына физикалық шабуыл жасауы немесе қорқытуы, менмендік, адамды қорлайтын мінез-құлық. Буллинг - өзін жеке дара, басқа адам тарапынан немесе топ ішінде қорғай алмайтын жағдайдағы психологиялық немесе физикалық қысым, зорлық-зомбылық, прессинг, менсінбеу, қорқыту.

Бүгінде буллинг мәселесі әлемдік, Қазақстандық деңгейде зерттеу нысанына айналғанымен елімізде аз зерттелген мәселелердің қатарында. Дегенмен, елімізде 1995-2023 жылдар аралығында педагогика, психология, әлеуметтану, заң ғылымдары саласы бойынша педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік аспектілерде диссертациялар қорғалып, ғылыми мақалалар жарық көруде.

Осы орайда, отандық ғалымдар А.К. Дуйсебаев, К.М. Арымбаева, Г.А. Калиева, К.Е. Салпина, Б. Ануар, Н.Б. Тоқсанбаева, Б. Есбергенова, М.П. Асылбекова, Қ.Т. Атемова, Н.П. Албытова, К.К. Шалғынбаева, Г.К. Шолпанкулова, С.С. Жубакова, А.К. Махадиева және т.б. буллинг мәселесін педагогикалық аспектіде қарастырса, әлеуметтану аспектісінде Д.К.Казымбетова, құқықтық аспектісінде Б.А. Куанышбек, С.Б. Дүзбаева, С. Күмісбеков. Психологиялық аспектіде Г.У. Утемисова, Б.Ш. Байжуманова, А.А. Алимбекова, және т.б. жариялаған ғылыми мақалаларда мектептерде жасөспірімдер арасындағы буллинктің алдын алудың жолы - қауіпсіз ортаны қалыптастыру мәселесін жан жақты қарастырып, ғылыми тұжырымдаған.

А.А. Бақытжанова, Б.И. Иманбаева кәмелетке толмай жүкті болған қыз балалардың өз ортасында өзгелер тарапынан теріс көзқарастары мен психологиялық қысымға түсуі буллинг мәселесімен байланысты қарастырылған.

Н.И. Аллаярова, Л.А. Букалерова, М.Б. Муратханова, А. Мейрамбай, П.Б. Сейітқазы ғылыми мақалаларында бүгінгі жасөспірімдердің әлеуметтік желі мен интернет мүмкіндіктерін пайдалану тәжірибелерін ескере отырып, олардың арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың цифрлық, арақашықтық форматта іске асуы туралы айтылады.

Сондай-ақ ҚР бойынша аталған өзекті мәселеге арналған келесідей ғылыми жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен М.П. Асылбекованың жетекшілігімен: «Балаларға қатысты буллинктің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу»; Г.М. Ракишеваның жетекшілігімен «Укрепление психологического здоровья казахстанских школьников как фактор снижения рисков кибербуллинга в процессе сетевой социализации»; А.Ә. Шәріппайдың басшылығымен «Интеллектуальная технология организации, проведения мониторинга, оценки рисков, управления работой по превенции буллинга и кибербуллинга в общеобразовательных организациях на казахском языке».

Сонымен қатар аталған мәселелер бойынша бір қатар оқу-әдістемелік құралдар, монографиялар да кездеседі. «Противодействие буллингу среди несовершеннолетних в организациях образования Республики Казахстан» (А.Б. Альжан, Н.Ш. Жемпейисов) атты оқу-тәжірибелік құрал, «Білім беру

ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында мектеп буллингiнiң алдын алу бойынша әдiстемелiк ұсынымдар» (Т.М. Ильюхина, Р.У. Узакбаева, С.О. Амантаева), «Виды правовой защиты от кибербуллинга» практикалық кұрал.

ТМД елдерi бойынша буллинг, кибербуллинг бойынша зерттеулер Т.Г. Гришина, И.С. Бердышев, Д.Н. Соловьев, М.Л. Мельникова, А.Б. Павлова, В.Р. Петросянц, Т.Г. Волкова, К.С.Шалагинова, Т.И. Куликова, С.А. Черкасова, Н.В. Кухтова, А.В. Кокурина, Е.В. Декина, Т.И.Куликова, С.С. Залыгаева, Е.М. Калинин, Н.Ю. Камракова, Е.В. Гребенкин, В.Ю. Лаптева, В.Бурмистров, Е.А. Карасева, психологиялық аспектiде Н.О. Зиновьева, Н.Ф. Михайлова, М.М.Кравцова, И.Г. Малкина-Пых, М.А. Одинцова сынды зерттеушiлер тарапынан қарастырылған.

Жасөспiрiмдер арасындағы буллинг, кибербуллинг мәселелерi шетелдiк ғалымдар зерттеулерiнде қарастырылған.

- Toyooki Sawano, Yoshitaka Nishikawa, Akihiko Ozaki1, Claire Leppard, Masaharu Tsubokura «The Fukushima Daiichi Nuclear Power Plant accident and school bullying of affected children and adolescents: the need for continuous radiation education» бiрлескен зерттеулерiнде жасөспiрiмдердiң «Фукусима-Дайичи» атом электр станциясындағы апат жағдайынан зардап шеккен балаларға мектептерде «микробтар» деген стигма тағылған.

- Ғалым Octavio Ramirez «Survivors of School Bullying: A Collective Case Study» зерттеуiнде көбiне 11-13 жас шамасындағы оқушылар және буллингтiң кұрбанына психологиялық және эмоционалдык тұрғыдан әлсiз ұялшақ, ортадан алшақ ұстайтын тұйық физикалық шектеулерi бар, семiздiк ауруына шалдыққан оқушылардың ұшырайтындықтары анықталған.

- Lila C. Fleming and Kathryn H. Jacobsen» Bullying among middle-school students in low and middle income countries» мақаласында 19 табысы төмен және орташа елдердегi орта мектеп оқушылары арасында жәбiрленудiң таралуы зерттелген. Зерттеу нәтижесiнде көптеген елдерде ұлдар қыздарға қарағанда буллингке жиi ұшырасатындығы және есейген сайын буллингтiң таралуы төмен екендiгi, психологиялық тұрғыдан ұшыраған ер балаларда қайғы мен үмiтсiздiк, жалғыздық, ұйқысыздық және суицидтiк ойлар туралы жиi көрiнiс тапқан. Сондай-ақ, оқушылардың арасында буллингтiң салдарынан темекi, алкоголь, есiрткi және жыныстық қатынастың көрсеткiштерi жоғары болғаны анықталып отыр. Бұдан шығатын қорытынды буллингке ұшырауда экономикалық-әлеуметтiк факторларда маңызды рөл атқарады.

- Педагогикалық аспектiде Kathryn S. Whitted and David R. Dupper «Best Practices for Preventing or Reducing Bullying in Schools». Мектептердегi зорлық-зомбылықты азайту педагогтардың, ата-аналардың және заң шығарушылардың басты мәселесi және оны бақылаусыз қалдырсаңыз, зорлық-зомбылықтың неғұрлым ауыр түрлерiне әкелуi мүмкiн екендiгi тұжырымдалған [3].

- Әлеуметтiк аспектiде зерттеушiлер Joan Letendre, Jason A. Ostrander, and AlisonMickens «Teacher and StaffVoices: Implementation of a Positive Behavior

Bullying Prevention Program in an Urban School»; Anne Williford «Intervening in Bullying: Differences across Elementary School Staff Members in Attitudes, Perceptions, and Self-Efficacy Beliefs» зерттеулерінде мұғалімдердің, көмекші персоналдың және әкімшілердің сертификатталған мамандардың маңыздылығын көрсетеді [4].

- Christopher Donoghue and Alicia Raia-Hawrylak «Moving beyond the Emphasis on Bullying: A Generalized Approach to Peer Aggression in High School» зерттеулерінде авторлар буллингті өлшеуге байланысты мәселелерді және олардың мектептегі климатты өзгертулердің сенімділігіне әсерін қарастырған [5].

Ғалым-зерттеушілердің ғылыми ізденісі негізінде «буллинг» дегеніміз:

– қорқыту, физикалық немесе психологиялық террор, бір адамды екіншісіне бағындыруға және екіншісіне қорқыныш тудыруға бағытталуы;

– «мектептегі қорлау» (school bullying), белгілі бір жағдайда өзін қорғай алмайтын адамға қатысты жеке адамның немесе топтың ұзақ мерзімді физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық үдерісін енгізетін әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық мәселелердің жиынтығы;

– жәбірленушіге зиян келтіру, оны қорқыту және/немесе күйзеліске ұшырату мақсатында психологиялық, физикалық немесе психологиялық агрессия (шабуыл);

– бір адам зорлық-зомбылық жасаушы, ал екіншісі физикалық және/немесе психологиялық зорлық-зомбылыққа ұзақ және жүйелі түрде ұшырайтын жәбірленуші ретінде әрекет ететін тұлғааралық қарым-қатынас формасы;

– топтағы өзара әрекеттесудің стереотипі, уақыт өте келе басқа адамның немесе үлкен күшке (күшке) ие адамдар тобының өзіне қасақана зиян келтіруіне тап болуы.

– өзін-өзі қорғау болып табылмайтын және бір немесе бірнеше адамнан туындайтын саналы зорлық-зомбылық.

Алайда, буллер - басқа адамдарға қарсы қатал, агрессивті, деструктивті мінез-құлық көрсететін адам. Әдетте, бұл қарым-қатынас сипатындағы әртүрлі проблемалары бар, эмпатиясы мен эмпатиясы төмен, жанжалдармен, агрессиямен немесе ата-ана бақылауының төмендігімен және баланы қабылдаумен сипатталатын отбасылардан шыққан адамдар.

«Буллингтің құрбаны» - бұл әлсіз, жауап беру үшін жеткілікті дамыған әлеуметтік және коммуникативті дағдылары жоқ, үнемі шабуылға ұшырайтын бала.

Контент-талдау негізінде буллингті қарастырудың үш негізгі тәсілі (диспозициялық, уақытша, контекстік) анықталды: диспозициялық; уақытша; контекстік.


Эксперименттік зерттеулер барысында біз ұсынған буллингті зерттеу әдістері Қазақстанның 11-17 жас аралығындағы орта мектеп оқушыларымен жүргізілді. Психодиагностикалық зерттеулерге 6-10 сынып аралығында 188 оқушы қатысты: оның ішінде 156 оқушы қазақ тілді, 32 оқушы орыс тілді. Сауалнамаға қатысқандардың 48%-ы ұлдар, 52%-ы қыздар. Оқушылар

арасындағы буллингті анықтау мақсатында Республиканың алты аймағында «Буллинг құрылымы» сауалнамасы зорлық-зомбылық жасаушыларды (агрессорларды, бұзақыларды қудалаушыларды), олардың құрбандары мен куәгерлерін (бақылаушыларды), қорғаушыларды қамтитын әлеуметтік жүйе ретінде «Буллинг құрылымын» зерттеуге бағытталған.

Сараптамалық бағалау нәтижелері:


Критерий	Сарапшылар								Орташа крит.	Коэффициенті вариациялар
	Эксперт 1	Эксперт 2	Эксперт 3	Эксперт 4	Эксперт 5	Эксперт 6	Эксперт 7	Эксперт 8		
Әдістеменің жоғары білімнің мемлекеттік міндетті стандартының талаптарына сәйкестік дәрежесі	4	5	5	4	5	4	4	5	4,50	12%
Сауалнамада ұсынылған еңсеру стратегияларының Қазақстанның әлеуметтік-мәдени контекстіне бейімделуі	5	5	5	4	5	4	4	5	4,63	11%
Кибер құрбандыққа шалдығу ықтималдығын азайту үшін сауалнаманың мақсатына жету мүмкіндігі	4	4	4	4	5	5	3	4	4,13	16%
Респонденттің позициясынан қабылдау үдерісіндегі тармақтардың күрделілік дәрежесі	4	5	4	5	5	4	5	3	4,38	17%
Студенттер үшін диагностикалық құрал ретінде сауалнаманы енгізудің орындылығы	4	5	5	4	5	4	4	5	4,50	12%

График 1 Шымкент және Өскемен бойынша:




Графиктен көріп отырғанымыздай, орташа көрсеткіштер бойынша ең жоғары пайыз Шымкент бойынша 9,56 % - қорғаушы, 7,8 –бастамашы, 4,08-бақылаушы, 3,24 - көмекші, 3,16 – жәбірленуші. Ал Өскеменде орташа көрсеткіштер бойынша ең жоғары пайыз 10,7-қорғаушы, 7,1-бастамашы, 4,8-жәбірленуші, 4,2-бақылаушы 3,7-көмекші.

График 2 Атырау және Павлодар бойынша:



Орташа көрсеткіштер Астана бойынша ең жоғары пайыз 8,7-қорғаушы, 6,4-бастамашы, 5,0 – бақылаушы, 4,2 - жәбірленуші, 3,7 – көмекші. Өскемен бойынша ең жоғары пайыз 10,2 – қорғаушы, 6,7-бастамашы, 5,2 – жәбірленуші, 4,1 – көмекші, 3,9-бақылаушы. Жалпы, өңірлер бойынша келесі сурет:



Гистограмма 1. Буллингке қатысушылардың рөлдерге бөлінуі.

Буллинг құрылымын зерттеуде «жәбірленушінің» қорғаушылары рөлінің ең үлкен коэффициенті байқалады. Тәжірибеден қорғаушылар сыныптастар арасында ең үлкен беделге ие. Олар құрдастарына қарсы буллингке аз қатысады. Қорғаушылар-сыныпта жоғары беделге ие оқушылар. Екінші орында бастамашылар (буллерлер). Олар жалпы агрессивтіліктің жоғары әлеуеті бар адамдар ретінде сипатталады. Олар өз құрбандарына ғана емес, мұғалімдер мен туыстарына да «шабуыл жасайды». Буллинг құрбандары үшінші орында 13, 17 және 20 сұрақтарға жауаптар барлық аймақтарда берілді, бұл оқушылар мен мұғалімдер тарапынан сыныпта зорлық-зомбылықтың болуын көрсетеді. Нақты буллинг рөлдерінің таралуын білу бұл мәселені шешуге оң әсер етуі мүмкін. Барлық аймақтар үшін буллингтің рөлдік құрылымындағы барлық санаттармен жұмыс істеу өте маңызды, өйткені рөлдердің инверсиясына байланысты жәбірленуші кез келген уақытта буллингтің бастамашысы бола алады. Үшінші тарап бақылаушысы құрбандардан кейін төртінші орында. Көмекші біз зерттейтін буллинг құрылымында соңғы орынды алады. Әдетте, көмекшілер шабуылдаушыға оның мінез-құлқына, агрессивті тәсіліне еліктеп, жәбірленушілерді ұрып-соғу арқылы көмектеседі.

Рөлі	Корреляция коэффициенті	р-мәнімен Байланыс
Жәбірлеуші	0.61	< 0.05
Көмекші	0.48	< 0.05
Қорғаушы	-0.39	> 0.05
Жәбірленуші	0.71	< 0.05
Бақылаушы	-0.13	> 0.05

Агрессивті жәбірленуші мінез-құлыққа бейім қатысушылар буллинг жағдайында бастамашы ретінде жиі әрекет етеді деп болжауға болады.

Корреляция коэффициенті: 0.71

Байланыс статистикалық маңызды ($P < 0.05$)

Агрессивті жәбірленуші мінез-құлыққа бейім қатысушылар қорқыту жағдайында жиі құрбан болады деп болжауға болады. Агрессивті жәбірленуші мінез-құлыққа бейімділік пен қорғаушының рөлі арасындағы байланыс (корреляция коэффициенті: -0.39. ($p > 0.05$)) табылған жоқ. Агрессивті жәбірленуші мінез-құлыққа бейімділік пен бақылаушы рөлі арасындағы байланыс. (Корреляция коэффициенті: -0.13. ($p > 0.05$)).

Қорыта келгенде, зерттеу нәтижелері агрессивті жәбірленуші мінез-құлыққа бейімділік буллинг жағдайына бастамашы және көмекші ретінде қатысумен, сондай-ақ құрбан ретінде әрекет етумен байланысты екенін көрсетеді. Алайда, қорғаушы мен бақылаушының рөлімен байланыс табылған жоқ. Бұл нәтижелер мектептегі және басқа да әлеуметтік ортадағы агрессивті жәбірленуші мінез-құлық пен буллингтің алдын алу мен түзетудің тиімді әдістерін жасауға көмектеседі.

Дегенмен, алынған нәтижелерге сүйене отырып, бізде буллинг құрылымы бойынша әр рөл үшін психотиптердің портреттері пайда болды. Олар келесідей болуы мүмкін:

- *Бастамашы*: агрессивті жәбірленуші мінез-құлыққа бейімділік, мүмкін өзіне деген сенімділіктің жоғары деңгейі және басқалардың құқықтарын құрметтемеу, жағдайды бақылауға және басқаларға билік алуға деген ұмтылыс;

- *Көмекші*: сондай-ақ агрессивті жәбірленуші мінез-құлыққа бейім болуы мүмкін, мүмкін тәуелсіздіктің төмен деңгейі және бастамашыға тәуелділік, басқалар қабылдауға және топқа кіруге деген ұмтылыс;

- *Қорғаушы*: мүмкін жоғары эмпатия және әлеуметтік жауапкершілік, әлсіздерді қорғау және қиын жағдайларда оларға көмектесу, мүмкін қақтығыстарда ұстамдылық пен сақтық;

- *Жәбірленуші*: дәрменсіздікті, өзін-өзі бағалаудың төмендігін және басқалардан қорқуды сезінуі мүмкін, мүмкін өзін-өзі зақымдайтын және өзін-өзі бұзатын мінез-құлыққа бейімділік, эмоцияларын білдіре алмау және өз құқықтарын қорғау.

- *Бақылаушы*: мүмкін тәуелсіздік, эмоционалды тепе-теңдік және аналитикалық ойлау, қақтығыстарға қатысқысы келмеу және бейтарап болуды қалау.

Бірақ әр адам ерекше және өзінің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне ие бола алатындығын, сондай-ақ белгілі бір жағдайға байланысты буллинг құрылымындағы рөлдерін өзгерте алатындығын есте ұстаған жөн. Сондықтан мұндай портреттер қатысушының жеке басының нақты және түпкілікті сипаттамасы емес.

Сондай-ақ, біз байқаған әр қалалардағы құндылықтар мен мінез-құлық нормаларындағы айырмашылықтарды атап өтуге болады. Осылайша, буллингті алдын алу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қатысушылардың жергілікті ерекшеліктері мен қалауларын ескеру қажет, өйткені әртүрлі қалаларда әр аймақтың мәдени және әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін психотиптердің жеке ерекшеліктерінің әртүрлі көріністері болуы мүмкін. Мысалы, Павлодарда орыс тілінде сыни емес мінез-құлыққа бейімділік шкаласы мен бастамашы, көмекші және бақылаушының рөлдері арасындағы корреляция коэффициенті теріс, ал Шымкент пен Атырауда оң коэффициенттер көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Olweus, D. Bullying at school: What we know what we can do. / New York: Blackwell. - 1993.
2. Волкова И.В. Характеристика подросткового буллинга и его определение // Вестник Минского университета. – 2016. – № 2. – С. 26–33.
3. Besag V.E. Bullies and Victims in Schools, Milton Keynes: Open University Press. 1989. – P. 535–551.
4. Champion Kelly, Vernberg Eric, Shipman Kimberly. Nonbullying victims of bullies: Aggression, social skills, and friendship characteristics//Applied Developmental Psychology. 2003. № 24. – P. 535–551.

5. Kim J., Walsh E., Pike K., Thompson E.A. Cyberbullying and victimization and youth suicide risk: the buffering effects of school connectedness // The Journal of School Nursing. 2019. P. 251-257.

АНАЛИЗ МЕЖДУНАРОДНОГО ОПЫТА ПО ПРОФИЛАКТИКЕ БУЛЛИНГА СРЕДИ ДЕТЕЙ НА ОСНОВЕ СОТРУДНИЧЕСТВА «СЕМЬЯ-ШКОЛА-МАХАЛЛЯ»

Медетова Раушан Мамадияровна

medetova.raushan@mail.ru

заведующий отделом Узбекского научно-исследовательского
института педагогических наук, д.п.н., старший научный сотрудник
Ташкент, Узбекистан

Аннотация. В статье приведен опыт некоторых стран мира по профилактике буллинга на основе модели сотрудничества «семьи – школы – махалли».

Annotation. The article presents the experience of some countries of the world in the prevention of bullying on the basis of the family – school – mahalla medical cooperation.

Ключевые слова: буллинг, подросток, профилактика, сотрудничество, школа, махалля, семья, международный опыт.

Key words: bullying, teenager, prevention, cooperation, school, mahalla, family, international experience.

Современный мир многогранен и многолик. Во всех странах мира система образования занимает сегодня приоритетное место. Это касается и Казахстана, и Узбекистана, где наряду с огромными достижениями в системе непрерывного образования, имеют место и проблемные вопросы, требующие незамедлительного решения. Одной из таких задач является проблема буллинга среди детей и подростков.

Если обратиться к истории возникновения буллинга, то следует заметить, что первая в мире программа по борьбе с буллингом и его последствиями появилась в Норвегии в 1980-годы и основывалась на трудах Д.Ольвеуса.

Спустя одно десятилетие в 1991 году была проведена оценка эффективности программы, показавшей факт снижения травли на 50%.

Под руководством учёного Д.Ольвеуса было разработано, по меньшей мере, 15 антибуллинговых программ, которые начали работать уже в 90-х годах прошлого века, а на сегодняшний день количество программ данного типа не поддается точному подсчету. Три из них (OBPP, KiVa, Positive Action) признаны эффективными в различных странах по всему миру. Помимо них существуют множество локальных программ, созданных в рамках государственных заказов (Bulli & Pupe, S.S.Grin, SAVE, ViSS и др.).